

**«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мониторинг жүргізу кезіндегі талдамалық**

АНЫҚТАМА

I. Кіріспе

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі-мектепке дейін ұйым) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық- құқықтық нысанындағы жүзеге асыратын жергілікті атқарушы мемлекеттік мекеме.

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынын екі жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көлемін орындауды қамтамасыз етеді. Балабақшада 25 қызметкер жұмыс істейді. Балабақшамыз 2 топтық, 50 орындық, 44 баламен қамтамасыз етілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы, Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Бөкейхан ауылы, Қ.Қалиев көшесі 4, тел: 8(71233)61-4-81

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілу кезеңі:
Басталды: 05. 01. 2024 жыл, 6. 01. 2025 жыл аяқталды.

3.Бақыланатын кезең: 2024 жылдың 01 қаңтары мен 2024 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорыны бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында аудандық білім бөлімінің 2018 жылғы 29 жылтоқсандағы №814 санды бұйрығын басшылыққа алып, балабақша бойынша іс-шара жоспары жасақталып, жүзеге асырылуда.

1) Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобында балабақшаның бұйрықтар кітабының жүргізілуін бақылап отырады. 2024 жылы 75 жеке құрам, 28 негізгі бұйрық тіркелді.

2) Мүдделер қақтығысы жоқ.

3) Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Жыл ішінде, 1 көмекші тәрбиеші, 1 қарауылшық, 2 оператор жұмысқа алынды. Жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру кезінде еңбек жағдайларына байланысты қызмет бабында 1 қызметкер қараушықты қазақ тілі мамандығы бойынша қызмет бабында жоғарылатылды. Балабақша бойынша жұмысқа қабылдау кезінде, тәртіпке сәйкес бір штаттық лауазымға жетпейтін мамандықтар мен қызметкерлерді enbek.kz сайты бойынша қабылданды.

Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-мамыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктерді үнемі таныстырылып, мемлекеттік қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру үшін түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Балабақшаның қызметшілерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Қызметшілерге 2024 жылдың 12 айында балабақшада 1 тәрбиешіге өз міндеттерін орындамағаны үшін тәртіптік жаза берілді.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына арналған жолдауында мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан кейін қалып, артық жұмыс атқару фактілерін түбегейлі жою мақсатымен де түсінік жұмыстары жүргізілді. Бұл мәселенің орындалысы қатаң бақылануда.

4. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталу міндеттелінген.

5. Бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі бағытында жұмыстар жүргізілуде. Жоспарланған қаржы 65663,0 мың теңге. Игерілуі 100 пайыз.

6. Балабақшада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіміне сәйкес, 2024 жылғы 12 айында мемлекеттік қызметтер бойынша мерзімдерін бұзу фактісі болған жоқ.

Балабақшада мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша педагогтермен және ата-аналармен түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде дәлізде ақпараттық стенд жасақталып, ілінген жыл ішінде бірнеше рет жаңартылды.

Балабақша ғимаратында тұрғындар үшін сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған «Сенім жәшігі» орнатылған. Оған балабақшаның сенім телефоны ретінде 8(71233)61-4-81 нөмері бекітілген.

«Рухани-адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу мәнінде балабақша ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыруда ауданның барлық білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың мақсатын көздеген түрлі жоспарлы шаралар уақытылы өткізілуде. Жыл ішінде өткізілген шаралар мониторингі:

Ата-аналар үшін өткен шара: Ата-аналар жиналыстарында балабақшалардың автоматтандырылуына байланысты мемлекеттік қызмет түрін түсіндіру тақырыбында түсінік жұмыстары; «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Педагогтармен жүргізілген шаралар: Балабақшалардың автоматтандырылуына байланысты мемлекеттік қызмет түрін түсіндіру тақырыбында түсінік жұмысы жүргізілді.

Барлық білім беру ұйымдарында ақша жинауды болдырмау, балабақшаны бітіру мен мерекелерде сыйлыққа ата-аналардан, тәрбиеленушілерден ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып отырады. Балабақшамызда «Пара берсең жазаланасың», «Пара беру-бас бостандығыңнан және болашағыңнан айырады», «Параға емес биікке ұмтыл» т.б тақырыбымен халық арасында насихаттау және түсіндіру мақсатындағы кезекті даярланған жадынама үлгілері көрнекі жерге ілінді. Сондай-ақ «Айгерім» бөбекжай балабақшасы фейсбугы мен инстаграм әлеуметтік желілерде жарияланған.

III. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағытта бойынша жүзеге асты :

1) Балабақшаның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы: М.Нурсеитова - балабақша меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі.

Балабақша бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұқушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәуекелдер анықталмады.

III. Қорытынды:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгерім» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіру;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәденетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.

1. М.Нурсеитова М.Нурсеитова- «Айгерім» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі м.а. жұмыс тобының жетекшісі
2. К.Бисахова К.Бисахова – «Айгерім» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі, жұмыс тобының хатшысы

Жұмыс тобының мүшелері

3. А.Успанова А.Успанова – кәсіподақ төрайымы
4. Қ.Досекешова Қ.Досекешова – әдіскер

«Айгерім» бөбекжай балабақша меңгерушісі м.а.: М.Нурсеитова

